

Шымкент қаласында 2023 жылға жабық топырақта басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған субсидия нормаларын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 2844 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 желтоқсанда № 195-17 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Шымкент қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2023 жылға жабық топырақта басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған субсидия нормалары бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Г. Сыздықбеков

Шымкент қаласы
әкімдігінің 2023 жылғы
"15" желтоқсандағы
№ 2844 қаулысына
қосымша

Шымкент қаласында 2023 жылға жабық топырақта басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған субсидия нормалары

№	Жылыжай кешендерінің түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидия нормалары, теңге
1	Өнеркәсіптік жылыжайдағы көкөніс	гектар	8 148 120,0

2	Фермерлік жылыжайдағы көкөніс	гектар	4 858 142,8
---	----------------------------------	--------	-------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК